

№ 16 хаттама

Павлодар облысының білім беру басқармасы,

Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «№3 ЖОБМ» КММ

Қамқоршылық кеңесінің

2021 жылғы 30 сәуірдегі отырысы

Катысқандар: 11 адам.

Күн тәртібі:

1. Емтихандарды ұйымдастыру және дайындау туралы.
2. Мектеп оқушыларын жазғы демалысқа және сауықтыруға дайындау туралы.

Отырыс барысы:

Тыңдадық: Бірінші мәселе бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Г.В. Троян тыңдадық, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов БФМ аппараттық кеңесінде оқушылар үшін оқу жылы 25 мамырда аяқталатынын хабарлады. 26 мамырдан 19 маусымға дейін барлық білім беру мекемелерінде оқушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін жазғы мектептер ұйымдастырылады. Біздің мектепте де жазғы мектеп жұмыс істейтін болады. Біз ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші бойынша жазғы мектепке оқушыларды қабылдаймыз. Жазғы мектепте оқу тегін. Сабактар үлгерімі нашар оқушыларға назар аудара отырып ұйымдастырылады. Жазғы мектептегі сабактар санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізіледі. Оқушыларға үй тапсырмалары берілмейді. Мектепке еркін түрде баруға болады.

9,11 сынып оқушыларын емтиханға дайындау оқу жылы бойы жүзеге асырылды. Барлық пәндер бойынша жаттықтыру және диагностикалық жұмыстар жүргізілді, қателіктер бойынша жұмыстар жүргізілді. ҚР колледждері мен жоғары оқу орындарына кәсіби бағдар беру жұмыстары да жүргізілді. Пән мұғалімдері сабактарда мемлекеттік қорытынды аттестаттауға үнемі дайындалуда, жаңа материалды зерттеумен қатар, бұрын зерттелген материалды қайталау және бекіту жүргізілді, әр мұғалімнің осындай тапсырмалар Банкі бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 189 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығына сәйкес 2020-2021 оқу жылында 9-сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттаудың келесі нысандары белгіленеді:

- 1) эссе түрінде орыс тілінен жазбаша емтихан.

- 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы);
- 3) қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 189 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығына сәйкес 2020-2021 оку жылында 11 (12) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттаудың келесі нысандары белгіленеді:

- 1) эссе түрінде орыс тілінен жазбаша емтихан.
- 2) алгебра және талдау бастаулары бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы);
- 3) Қазақстан тарихы бойынша тестілеу;
- 4) Қазақ тілі бойынша тестілеу.

Тындағық: По второму вопросу выступила ЗДВР школы - Гурина А.М.

Ол жазғы кезеңде кәмелетке толмағандар арасындағы қауіпсіздіктің алдын алу бойынша жоспарланған іс-шаралар туралы, Жол қозғалысы ережелерін сақтау, ашық суда қауіпсіз жүргіс-тұрыс ережелері, өрт қауіпсіздігі ережелері және т.б. туралы, «Горизонт радости» қашықтықтан мектеп жанындағы лагерінің жұмысы және «Юниор» аула клубының жұмысы туралы айтып берді. Сондай-ақ «Ббалалар еңбегін пайдалануға қарсы күрестің 12 күні» Ұлттық ақпараттық компаниясын жоспарлануы туралы айтып өтті.

Сондай-ақ, балалар мен ата-аналар, сыннып жетекшілерімен жазғы кезеңде «Чайка» қала сыртындағы лагеріне балалардың сапарын үйімдастыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып, көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 9 докушы тілек білдіргенің айтып өтті. Ол «Чайка» қала сыртындағы лагеріне тегін жолдама алу үшін осы үміткерлерді қарастыруды ұсынды.

Шешім:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Чайка» қала сыртындағы лагеріне тегін жолдама алуға балалардың тізімі бекітілсін.

Хатшы:  Гурина А.М.